

Талғар ауданы елді мекендерінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі N 04-269 қаулысы және Талғар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі N 4-25 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 25 сәуірде N 2-18-145 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3-тармағына сәйкес Талғар аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Талғар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Талғар ауданы елді мекендерінің шекаралары (шегі) ұсынылған схемалық карталарға сәйкес өзгертілсін:

1) Гүлдәла ауылдық округінің Қайрат ауылына жалпы көлемі 20,0 гектар жер қ о с ы л с ы н .

2) Панфилов ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына жалпы көлемі 67, 87 гектар ж е р қ о с ы л с ы н .

2. Осы аудан әкімдігінің қаулысы мен аудандық мәслихат шешімінің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасарына (Жұмағұлов Талғат Жапашұлына) ж ү к т е л с і н .

3. Осы аудан әкімдігінің қаулысы мен аудандық мәслихат шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Т.Ә. Өмірәлиев

сессиясының төрағасы

Б. Әукенов

хатшысы

Д.Ж. Теберіков

КЕЛІСІЛДІ:

" Т а л ғ а р а у д а н д ы қ ж е р
қ а т ы н а с т а р ы б ө л і м і "
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң

бастығы

Тұрысбеков Рүстем Бейсенұлы

13 сәуір 2012 жыл

*"Талғар ауданы сәулет және
қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
Рысбеков Марат Тұқанұлы*

бастығы

13 сәуір 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК